

Жалғыз Қатысушынын

18.08.2025 ж. № 1 шешімімен БЕКІТІЛГЕН

«АМАНГЕЛДИН ПАРАСАТ»

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің

ЖАРҒЫСЫ

Ақтау қаласы, 2025 жыл.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Жарғы «АМАНГЕЛДИН ПАРАСАТ» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, орналасқан жерін (одан әрі - Серіктестік), қалыптасу тәртібін және серіктестік органдарының құзыретін, қайта ұйымдастыру шарттарын, оның қызметінің тоқтауын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына (одан әрі - заңнама) қайшы келмейтін басқа ережелерді анықтайды.

1.2. Серіктестік заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылады.

1.3. Серіктестіктің жалғыз құрылтайшысы, сонымен қатар жалғыз қатысушысы (одан әрі – Қатысушы) азаматы Амангелдин Парасат Айдорұлы, 09.03.2001 жылы туған, Қазақстан Республикасында туған, жеке куәлік/төлқұжат №042574586 ЖСН0103095500655 ҚР Ішкі істер Министірлігінен 12.04.2017ж берілген. Ақтау қаласы, 24 шағын аудан, 18 үй 51 пәтер мекенжайы бойынша тұрады.

1.4. Серіктестіктің атауы:

Мемлекеттік тілде: "АМАНГЕЛДИН ПАРАСАТ" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Қысқаша; ЖШС "АМАНГЕЛДИН ПАРАСАТ"

Орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью "АМАНГЕЛДИН ПАРАСАТ"

Қысқаша: ТОО "АМАНГЕЛДИН ПАРАСАТ"

1.5. Серіктестіктің орналасқан жері: Ақтау, Толкын1, дом 64

1.6. Серіктестіктің құрылтай құжаты Серіктестіктің Жарғысы болып табылады (одан әрі – Жарғы).

1.7. Барлық мүдделі тұлғалар Жарғымен заңнамамен белгіленген тәртіпте танысуға құқылы.

1.8. Серіктестік қызметінің мерзімі шектелмеген.

2. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Серіктестік Қатысушысы құқылы:

2.1.1. Жарғымен және заңнамамен қарастырылған тәртіпте Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;

2.1.2. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Серіктестіктің бухгалтерлік және өзге құжаттамасымен, сонымен қатар Жарғымен қарастырылған тәртіпте құпия сипаттағы ақпараттармен танысуға;

2.1.3. Жарғымен және заңнамаға сәйкес Серіктестік қызметінен табыс алуға;

2.1.4. Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есептескеннен кейін қалған мүлік бөлігінің құнын алуға;

2.1.5. Жарғымен және заңнамамен қарастырылған өз құқықтарын бұзатын Серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға;

2.1.6. өзінің үлесін иеліктен шығару жолымен Серіктестікке қатысуды тоқтатуға.

2.2. Қатысушы Жарғымен және заңнамамен қарастырылған басқа да құқықтарды иелене алады.

2.3. Серіктестік Қатысушысы міндетті:

2.3.1. Серіктестіктің құрылтай құжаттарының талаптарын сақтауға;

2.3.2. Серіктестіктің құрылтай құжаттарымен қарастырылған тәртіпте, мөлшерлерде, тәсілдермен және мерзімдерде салымдар салуға;

2.3.3. заңнамамен қарастырылған жағдайлардан басқа, Серіктестікпен коммерциялық құпия деп жарияланған мәліметтерді жария етпеуге;

2.3.4. қатысушылар тізілімі жүргізілген жағдайда Серіктестік Қатысушысының деректерінің өзгеруі жөнінде атқарушы органға, сонымен қатар тіркеушіге жазбаша хабарлауға.

2.4. Серіктестік Қатысушысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Жарғымен қарастырылған басқа міндеттерді де көтере алады.

3. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

3.1. Серіктестік заңды тұлға құқығын мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап иеленеді.

3.2. Серіктестіктің оқшау мүлкі бар, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды мен міндеттерді иеленеді, дербес балансы, банктік шоттары, толық фирмалық атауы бар мөрі, фирмалық бланкілері бар.

3.3. Серіктестік қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін өзінің атынан мәмілелер жасауға (шарттар, келісімшарттар), мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып алуға, сотта талапкер немесе жауапкер ретінде көрінуге, сондай-ақ заңнамаға қайшы келмейтін басқа әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

3.4. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.

3.5. Серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша оған тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Серіктестік мемлекеттің борыштары бойынша жауап бермейді, мемлекет те Серіктестіктің борыштары үшін жауап бермейді.

3.6. Заңнамамен қарастырылған жағдайларды ескермегенде, Серіктестік өзінің Қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3.7. Қатысушы Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және салынған салымдар құнының шектерінде Серіктестік қызметімен байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

3.8. Серіктестік заңнамаға сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

4. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

4.1. Серіктестік қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

4.2. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу, оқыту, күтіп-бағу және дамыту жөніндегі қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ осы қызметтен табыс алу болып табылады.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған қызмет түрлерін жүзеге асырады, оның ішінде:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру;
- балалардың зияткерлік, шығармашылық, эстетикалық және дене дамуын қамтамасыз ету;
- балалардың бос уақытын ұйымдастыру;
- қосымша білім беру қызметтерін көрсету;
- балаларды күтіп-бағу және сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызмет түрлері.

4.3. Заңнамаға сәйкес лицензия немесе өзге де рұқсат құжаттарын алуды талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензиялар мен рұқсаттар алынғаннан кейін жүзеге асырылады.

5. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ МҮЛКІ

5.1. Серіктестіктің жарғылық капиталы 100 000 теңгені (жүз мың теңге) құрайды.

5.2. Серіктестіктің жарғылық капиталына салым тек қана ақша болуы мүмкін.

5.3. Қатысушының шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін.

5.4. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту келесі жолмен жүзеге асырылады:

5.4.1. Қатысушылардың қосымша салымдарымен;

5.4.2. Серіктестіктің жеке капиталы есебінен;

5.4.3. Серіктестік құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау арқылы.

5.5. Серіктестік жарғылық капиталын заңнамада белгіленген ең төменгі мөлшерден төмен азайтуға жол берілмейді.

5.6. Серіктестіктің мүлкі Қатысушының жарғылық капиталға салған салымдары, қосымша жарналар, шаруашылық қызметтен түскен табыстар және өзге заңды көздер есебінен құрылады.

6. СЕРІКТЕСТІК ОРГАНДАРЫ

6.1. Серіктестіктің жоғарғы органы оның Қатысушысы болып табылады.

6.2. Қатысушының айрықша құзыретіне жатады:

6.2.1. Жарғыға өзгерістер енгізу, оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгерту, сондай-ақ Жарғының жаңа редакциясын бекіту;

6.2.2. Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай берудің шарттарын анықтау;

6.2.3. Бақылау кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушіні) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ олардың есептері мен қорытындыларын бекіту;

6.2.4. Жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;

6.2.5. Ішкі ережелерді және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;

6.2.6. Басқа шаруашылық серіктестіктеріне және коммерциялық емес ұйымдарға қатысу туралы шешім қабылдау;

6.2.7. Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;

6.2.8. Тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

6.2.9. Қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдау;

6.2.10. Серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге қою туралы шешім қабылдау;

6.2.11. Қосымша жарналар енгізу туралы шешім қабылдау;

6.2.12. Филиалдар мен өкілдіктерді құру, қайта ұйымдастыру және тарату, сондай-ақ олардың ережелерін бекіту;

6.2.13. Лауазымды тұлғаларды мүліктік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдау.

6.3. Қатысушы Серіктестік қызметіне қатысты кез келген мәселені қарауға құқылы.

6.4. Қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер атқарушы органға берілмейді.

6.5. Серіктестіктің атқарушы органы – Қатысушымен тағайындалатын және оған есеп беретін директор болып табылады.

6.6. Директор Қатысушының айрықша құзыретіне жатпайтын барлық мәселелер бойынша құзыретті, соның ішінде:

6.6.1. ағымдағы және келешек жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

6.6.2. Қатысушы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

6.6.3. өз құзыреті шегінде өзге де қызметтерді орындайды.

6.7. Серіктестік директорының өкілеттіктері:

6.7.1. Серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6.7.2. Серіктестікті ұсыну құқығына сенімхаттар береді, соның ішінде қайта сенім беру құқығымен;

6.7.3. қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, қатысушының келісімімен еңбекақы төлеу жүйесін белгілейді, жалақы мен үстемақы мөлшерін айқындайды, сыйақы тағайындайды, көтермелеу және тәртіптік шараларды қолданады;

6.7.4. Қатысушы немесе өзге органдар құзыретіне жатпайтын мәселелерді шешеді.

6.8. Серіктестік директорының тыйым салынған әрекеттері:

6.8.1. Қатысушының келісімінсіз мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер жасау;

6.8.2. Серіктестік мәмілелері бойынша үшінші тұлғалардан комиссиялық сыйақы алу;

6.8.3. үшінші тұлғалардың атынан Серіктестікпен қатынастарда әрекет ету;

6.8.4. Серіктестікке бәсекелес қызметпен айналысу.

6.9. Серіктестік бухгалтерлік есепті жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық және статистикалық есептілікті тапсырады.

6.10. Тексеру жүргізу үшін сыртқы аудитор тартылуы мүмкін.

7. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАЗА ПАЙДАСЫН БӨЛУ

7.1. Серіктестіктің пайдасы жылдық қаржылық есеп негізінде анықталады және Қатысушының шешімімен бөлінеді.

7.2. Таза пайда материалдық шығындарды, оған теңестірілген шығындарды және еңбекақы төлеу шығындарын өтегеннен кейін қалыптасады.

7.3. Өндірісті дамытуға және Серіктестіктің жалпы қажеттіліктеріне бөлінген қаражаттан кейін қалған таза табыс Қатысушының шешімімен бөлінеді.

7.4. Жарғылық капитал толық төленгенге дейін Қатысушының пайда алуға құқығы жоқ.

8. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ

8.1. Атқарушы орган еңбек шарттары негізінде қызметкерлерді жалдауды жүзеге асыруға құқылы.

8.2. Серіктестік қызметкерлерге заңнамада белгіленген әлеуметтік-экономикалық құқықтарды қамтамасыз етеді.

8.3. Қызметкерлердің еңбекақысы шектелмейді және заңнамаға сәйкес салық салынады.

8.4. Серіктестік еңбекақы төлеу формасын және жүйесін дербес айқындайды, сонымен бірге мемлекеттік тарифтерді сәйкесінше біліктіліктегі жұмысшылар мен мамандардың еңбегін төлеудің ең аз кепілі ретінде қарастыра отырып, еңбек келісім шарттарында тарифтік мөлшерлердің және еңбекақылардың мөлшерін қарастырады.

8.5. Серіктестік қызметкерлер үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді және олардың денсаулығына келтірілген зиян үшін заңнамаға сәйкес жауап береді.

9. АҚПАРАТ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

9.1. Серіктестік Қатысушының талабы бойынша оның мүддесіне қатысты ақпаратты ұсынуға міндетті.

9.2. Мұндай ақпаратқа мыналар жатады:

- 9.2.1. Серіктестік органдары қабылдаған шешімдер және олардың орындалуы туралы мәліметтер;
- 9.2.2. Серіктестіктің жеке капиталының 25% және одан көп мөлшеріндегі қарыздар;
- 9.2.3. ірі мәмілелер туралы ақпарат;
- 9.2.4. лицензиялар мен рұқсаттарға қатысты мәліметтер;
- 9.2.5. Серіктестік мүлкіне тыйым салу;
- 9.2.6. төтенше жағдайлар нәтижесінде мүліктің жоғалуы;
- 9.2.7. әкімшілік жауапкершілікке тарту;
- 9.2.8. мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру;
- 9.2.9. аудиторлық есеп (ол бар болған кезде)
- 9.2.10. сот істері туралы ақпарат;
- 9.2.11. өзге де маңызды ақпарат.

9.3. Ақпарат Қатысушының жазбаша сұратуы бойынша ұсынылады.

10. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

10.1. Серіктестік қызметі Қатысушының немесе соттың шешімімен қайта ұйымдастыру немесе тарату арқылы тоқтатылады.

10.2. Серіктестік мына негіздер бойынша таратылады:

- 10.2.1. жарғылық капиталдың азаюы заңда белгіленген ең төменгі мөлшерден төмен болған жағдайда;
- 10.2.2. банкроттық;
- 10.2.3. тіркеудің жарамсыз деп танылуы;
- 10.2.4. лицензиясыз немесе заңсыз қызмет жүргізу;
- 10.2.5. заңнамада көзделген өзге де негіздер.

10.3. Қайта ұйымдастыру заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

10.4. Тарату Қатысушы немесе сот тағайындаған комиссия арқылы жүргізіледі.

10.5. Тарату заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

10.6. Тарату тіркелген сәттен бастап Серіктестік қызметі тоқтатылған болып есептеледі.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Егер Жарғының қандай да бір ережесі заңнама өзгеруіне байланысты жарамсыз болса, қалған ережелер өз күшін сақтайды.

11.4. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының баптарының мазмұны Қатысушыға түсіндірілді.


11.5. «Нотариат туралы» Заңға сәйкес Қатысушының құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

11.6. Жарғы мәтіні Қатысушының еркімен құрастырылып, толық сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының азаматы
Амангелдин Парасат Айдарұлы



қолтаңба



Жарғыда барлығы

_____ 7 парақта

тігілген және нөмірленген

18.08.2020

